



Нүрпейісов Нариман Жұмашұлы 1958 жылы 10 қаңтарда бұрынғы Шымкент облысының (қазіргі ОҚО) Сарыағаш ауданындағы Красино селосында («Дархан») дүниеге келген.

1965-69 жылдары Созақ ауданының Ақсүмбе ауылындағы Ворошилов бастауыш мектебінде (С.Қожанов атындағы) білім алады, 1969-75 жылдарында Қаратау совхозындағы Панфилов орта мектебінде оқып орта дәрежелі білім алып шығады.

Мектеп бітірген күндерден бастап еңбекке араласқан ол туған ауылында әр алуан жұмыстарды атқара жүріп 1977-1979 жылдары Кеңес армиясы қатарында Моңғолия жерінде Отан алдындағы борышын өтеп қайтты. Әскер қатарынан оралғаннан кейін 1979-1980 жылдары Шымкент педагогикалық институтының дайындық курсына тыңдаушы болды, еңбекке араласты.

1980 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, университетті 1985 жылы бітіріп шығады. Одан әрі Абай атындағы Саран педагогикалық училищесінде оқытушы болып ұстаздық еңбек жолын бастаған ол 1995 жылға дейін осы оқу орнында еңбек етті. ҚР оқу ісінің үздігі атағын алды. 1995 жылдан бастап Шымкент қаласындағы жоғары оқу орындарына қызмет ауыстырған Нариман Жұмашұлы 1996 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерінде болды.

2012 жылдың тамыз айынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2014 жылдан филология факультетінің, 2016 жылдан филология және тарих факультетінің, 2017 жылдан кешкі оқыту және дайындық факультетінің деканы болып еңбек етті, қазіргі таңда филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы еңбек етеді.

Н.Нүрпейісов 1990 жылдардан бастап ғылыми жұмыстармен айналысты. 1998 жылы Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Н.Жұмашұлының баспасөз бетінде, ғылыми журналдарда, конференция материалдарында жарық көрген 250-ден астам еңбектері бар. Сонымен қатар ғалымның Е.Ысмайылов - әдебиет тарихын зерттеуші.

Монография. (1999), Дүрбелеңді дәуір зерттеушісі. Ғылыми жинақ. (2002), Е.Ысмайылов және қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. Оқу құралы. (2004), Әулиелі Ақсұмбе – періштелі Ақбикеш. (2006), Мұхтартану. Лекциялар курсы. Оқу құралы. (2009), Әдебиет және сын мәселелері. Оқу құралы. (2009), Ұлттық руханиятпен - әлемдік өркениетке. (2010), Қазақ әдеби сынының өзекті мәселелері. Оқу құралы (2010), Елбасы – Елтұтқасы. Публицистикалық жинақ (2011), Абайтану. Оқу құралы (2013), Е.Ысмайылов және әдебиеттану мәселелері. Оқу құралы (2013), Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. (2016), Әдеби сын тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. (Оқу-әдістемелік құралы. 2022 ж.) атты жарық көрген ғылыми-зерттеу кітаптары бар.

Нариман Нұрпейісов баспасөз бетінде жиі көрініп, қоғам, дәуір үніне дер кезінде үн қатады, соның ішінде әдебиеттану мәселелері, әсіресе қазіргі әдеби процесс, сын мәселелері бойынша еңбектері өте мол жарияланып отырады.

Нариман Нұрпейісовтің жеке кітапхансында шамамен алғанда 800-900-ден астам кітап қоры бар. Негізінен алғанда қазақ және әлем әдебиетінің классиктері, сонымен қатар ғылыми-зерттеу кітаптары кеңінен орын алады.